

Самар ауданы мәслихатының "Самар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 18-13/VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы мәслихатының 2025 жылғы 10 ақпандағы № 19-2/VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.

Самар ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Самар ауданы мәслихатының "Самар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 18-13/VIII шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Мәслихат төрағасы

Г. Шаймарданова

Шығыс Қазақстан облысы

Самар ауданы мәслихатының

2025 жылғы 10 ақпандағы

№ 19-2/VIII шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облысы

Самар ауданы мәслихатының

2024 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 18-13/VIII шешіміне 2 - қосымша

Самар ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Елді мекендер үшін	сомасы теңгемен (ҚҚС есебінсіз)
Бір тұрғынға айлық тариф (абаттандырылған және абаттандырылмаған үй иелері)	265*
Бірлікке жылдық тариф (көлемі) 1 м3	2010
Занды тұлғалар үшін	
Занды тұлғалар мен занды тұлға болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері үшін жылдық тариф (1 текше метр үшін).	9799

* Ескерту: мөлшерінде жеңілдіктер қарастырылған:

100% - Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

50% - бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

- басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне;

- еңбек ардагерлеріне;

- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдарға;

- кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;

- "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға;

- Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарынан мүгедек болған адамдарға;

- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларына;

- толық емес отбасыларға;

- асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдерге (тұл ер адамдар).

25% - екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

- Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен адамдарға;

- 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апattyң салдарын жоюға қатысқан адамдарға;

- Арап өніріндегі экологиялық апат салдарынан зардал шеккен адамдарға;

- көп балалы отбасыларға;

- жасы бойынша зейнеткерлерге;

- қандастарға;

- экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдарға;

Қоқыс шығарушы үйым халықтың әлеуметтік осал топтарының тиісті санатына жататындығы туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тұтынушы өтініш берген күннен бастап қайта есептеуді орындауды және жеңілдіктерді қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК